

№23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасы

Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз»



Саз жетекшісі: Сағындықова

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз»

Мақсаты: Отанды қорғау туралы түсініктерін кеңейту. Өнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру

Дамытушылығы: Балалардың патриоттық сезімін ояту. Жеңіс туралы әңгіме жүргізу.

Тәрбиелілігі: Отанымызды қорғаған батырларымызды сыйлай білуге тәрбиелеу.

Көрнекті құралдар: Слайд, музыкалық аспаптар.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар музыка залына Б. Бейсенованың «Жеңіс күні» (үнтаспада) әнімен кіріп, аяқты нық басып, марш екпінімен жүреді.

2. Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

«Құлыншақ» (Н. Уразова).

Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың тұяғының дыбысын жүріп музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды.

Балалар интерактивті тақтадан Жеңіс күні туралы көріністер көріп, еліміздің батырлары туралы мәлімет алады. Жауды жеңген батыр ағаларымызды мақтан тұтып, болашақ Отан қорғайтын азамат болуға ұмтылады.

Музыка тыңдау: «Жеңіс туы желбіреп» Б. Бейсенова

Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.

Ән айту: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев, Е. Өміров)

Слайдтан Отанымызды қорғаған ата-әжелеріміз , Отан қорғаушы сарбаздарымыз туралы түсінік беру.

Жеңіс күні адамзат аңсап күткен қастерлі күн. Бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қазақтың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімін, аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлын, осы соғыста ерлік көрсеткен ата-апаларымыздың есімін қашанда мақтанышпен айтамыз. Олардың ерліктері ешқашанда ұмтылмайды Саз жетекшісі әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.

Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.

Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.

Үйренген «Ағайынбыз бәріміз» И.Нүсіпбаев еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.

Би: «Катюша» орыс халық биі. Балалар би қимылдарын, игерген дағдыларын би кезінде қолданып, жеңіл қимылдар жасап билейді.

3. Рефлексия

Қорытынды жасау. Балаларды мадақтау.

- Балалар бүгін қандай музыка тыңдадыңдар?
- Шығарманың сипаты қандай екен?
- Батыр ата-апаларымыз туралы не білесіңдер?